

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
ЖАМБЫЛ ОБЛЫСЫНЫҢ
ӨДІЛЕТ ДЕПАРТАМЕНТІ
ТАРАЗ КАЛАЛЫҚ
ӨДІЛЕТ БАСҚАРМАСЫ
ЗАҢДЫ ТҮПБАҒА
МЕМЛЕКЕТТІК ҚАЙТА ТІРКЕУ

2018 ж. 11 07 күні
БСН 200540016718
2010 ж. 18 05
алғашқы тіркелген



**«Тараз» Әлеуметтік-кәсіпкерлік корпорациясы»
акционерлік қоғамының
Жарғысына өзгертулер мен толықтырулар**

«Тараз» Әлеуметтік-кәсіпкерлік корпорациясы» акционерлік қоғамының Жарғысына өзгертулер мен толықтырулар енгізіледі.

1. Бұл Жарғы «Жамбыл облысының» 1.1, 1.2, 1.3 тармақтарына келесі ретінде қосылған:

1.1. Бұл Жарғы Республикасының Алматылық Кодексіне, «Акционерлік қоғамдар туралы» Заңына және Қазақстан Республикасының заңдарына және Қазақстан Республикасының басқа заңнамалық актілеріне (ары қарай – заңнам) сәйкес жасалған және «Тараз» Әлеуметтік-кәсіпкерлік корпорациясы» акционерлік қоғамының Жарғысына өзгертулер мен толықтырулар енгізіледі.

1.2. «Тараз» Әлеуметтік-кәсіпкерлік корпорациясы» акционерлік қоғамының Жарғысына өзгертулер мен толықтырулар енгізіледі.

**Изменения и дополнения в Устав
акционерного общества**

«Социально-предпринимательская корпорация «Тараз»

1.3. Бұл Жарғы «Тараз» Әлеуметтік-кәсіпкерлік корпорациясы» акционерлік қоғамының Жарғысына өзгертулер мен толықтырулар енгізіледі.

Қысқартылған атауы: «Тараз» БСК» АҚ;

Толық атауы: Акционерное общество «Социально-предпринимательская корпорация «Тараз»

Қысқартылған атауы: АО «СЭП» Тараз;

Толық атауы: Joint-Stock Company «Social-Entrepreneurial Business Corporation «Taraз»

Қысқартылған атауы: JSC «SEBC «Taraз»



«Жамбыл облыс әкімдігі
қаржы басқармасы» КММ

2018 жылғы «29»

06

№ 173

бұйрығымен
бекітілді

**«Тараз» Әлеуметтік-кәсіпкерлік корпорация»
акционерлік қоғамының
Жарғысына өзгертулер мен толықтырулар**

«Тараз» Әлеуметтік-кәсіпкерлік корпорациясы» акционерлік қоғамының Жарғысында «Ұлттық компания», «ҰК» деген сөздер алып тасталсын.

1 баптың «Жалпы ережелер» 1.1., 1.2., 1.3. тармақтары келесі редакцияда баяндалсын:

1.1. Бұл Жарғы Қазақстан Республикасының Азаматтық Кодексіне, «Акционерлік қоғамдар туралы», «Мемлекеттік мүлік туралы» Қазақстан Республикасының Заңдарына және Қазақстан Республикасының басқа нормативтік актілерге (ары қарай – Заңнама) сәйкес жасалған және «Тараз» Әлеуметтік кәсіпкерлік корпорациясы» акционерлік қоғамының, ары қарай «Қоғам», құқықтық құрылым негізімен қызметін анықтайды.

1.2. «Тараз» Әлеуметтік кәсіпкерлік корпорациясы» акционерлік қоғамы жергілікті атқарушы органның шешімімен құрылған, акцияларының бақылау пакеті мемлекетке тиесілі және өңірдің экономикасын дамытуға жәрдемдесуді жүзеге асыратын, акционерлік қоғам нысанындағы өңірлік даму институты болып табылады.

1.3. Қоғамның атауы:

мемлекеттік тілде:

толық атауы: «Тараз» Әлеуметтік-кәсіпкерлік корпорациясы» акционерлік қоғамы;

қысқартылған атауы – «Тараз» ӘКК» АҚ;

орыс тілінде:

толық атауы: Акционерное общество «Социально-предпринимательская корпорация «Тараз»;

қысқартылған атауы: АО «СПК «Тараз»;

ағылшын тілінде:

толық атауы: Join-Stock Company «Social-Entrepreneurial Business Corporation «Taraz»;

қысқартылған атауы: JSC «SEBC «Taraz».

8 баптың «Қоғам акционерінің құқықтары мен міндеттері» 8.1. тармағы 11. тармақшасымен толықтырылсын және келесі редакцияда баяндалсын:

11. Қоғамның директорлар кеңесінің және (немесе) атқарушы органының жекелеген мүшесінің жыл қорытындысы бойынша сыйақысының мөлшері туралы ақпаратты бір мезгілде мынадай жағдайлар болған кезде:

қоғамның директорлар кеңесінің және (немесе) атқарушы органының осы мүшесінің өзі (өздері) не оның үлестес тұлғалары пайда (кіріс) алу мақсатында қоғам акционерлерін қасақана жаңылыстыруға әкелу фактісін сот анықтаған кезде;

егер қоғамның директорлар кеңесінің және (немесе) атқарушы органының осы мүшесінің жосықсыз әрекеттері және (немесе) әрекетсіздігі қоғамда залал туындауына алып келгені дәлелденсе.

14 баптың «Жалғыз акционердің айрықша құзыреті» 14.1. тармағының 21 тармақшасы келесі редакцияда баяндалсын:

21. нәтижесінде акционерлік қоғам активтері баланстық құнының жалпы мөлшерінің елу және одан көп пайызы сатып алынатын немесе иеліктен шығарылатын (сатып алынуы немесе иеліктен шығарылуы мүмкін) мәміле туралы шешімді қабылдау күніне құны оның активтері баланстық құнының жалпы мөлшерінің елу және одан көп пайызын құрайтын мүлікті нәтижесінде қоғам сатып алатын немесе иеліктен шығаратын (сатып алуы немесе иеліктен шығаруы мүмкін) ірі мәмілені қоғамның жасасуы туралы шешім қабылдау;

14 баптың «Жалғыз акционердің айрықша құзыреті» 14.1. тармағы 21-1. тармақшасымен толықтырылсын және келесі редакцияда баяндалсын:

21-1. жасалуына мүдделілік бар ірі мәмілені қоғамның жасасуы туралы шешім қабылдау;

15 баптың «Қоғамның Директорлар кеңесі» 15.3. тармағының 16. тармақшасы келесі редакцияда баяндалсын:

16. Қоғамның жалғыз акционерінің шешімімен қабылданатын ірі мәмілелерді қоспағанда, ірі мәмілелер және жасауға қоғам мүдделі мәмілелер жасасу туралы шешімдер қабылдау;

15 баптың «Қоғамның Директорлар кеңесі» 15.3. тармағының 31. тармақшасы келесі редакцияда баяндалсын:

31. нәтижесінде акционерлік қоғам активтері баланстық құнының жалпы мөлшерінің оннан елуге дейінгі пайызы сатып алынатын немесе иеліктен шығарылатын (сатып алынуы немесе иеліктен шығарылуы мүмкін) мәміле туралы шешімді қабылдау күніне құны оның активтері баланстық құнының жалпы мөлшерінің оннан елуге дейінгі пайызын құрайтын мүлкті нәтижесінде қоғам сатып алатын немесе иеліктен шығаратын (сатып алуы немесе иеліктен шығаруы мүмкін) ірі мәмілені қоғамның жасасуы туралы шешім қабылдау;

15 баптың «Қоғамның Директорлар кеңесі» 15.16. тармағы 15.16.1. тармақшасымен толықтырылсын және келесі редакцияда баяндалсын:

15.16.1. Қоғамның Директорлар кеңесінің мәжілісінің күн тәртібіндегі мәселелер бойынша материалдар Директорлар кеңесі мүшелеріне жиналыс өткізілгенге дейін кемінде 5 (бес) күнтізбелік күн бұрын беріледі.

Директорлар кеңесі мәселелерді шұғыл қарау қажет болған жағдайда, Директорлар кеңесінің төрағасы өткізілетін отырыс мерзімін қысқартуы мүмкін, бұл ретте, күн тәртібіндегі мәселелер бойынша материалдар Директорлар кеңесінің мүшелеріне Директорлар кеңесінің отырыс өткізілетін күнге дейін кемінде 2 (екі) күнтізбелік күн бұрын берілуі тиіс.

15 баптың «Қоғамның Директорлар кеңесі» 15.22. тармағы келесі редакцияда баяндалсын:

15.22. Корпоративтік хатшы Директорлар кеңесі мүшесінің талап етуі бойынша оған Директорлар кеңесі отырысының хаттамасын және сырттай дауыс беру арқылы қабылданған шешімдерді танысу үшін беруге және (немесе) оған хаттама мен шешімнің Қоғамның уәкілетті қызметкері қол қойып үзінді көшірмесін беруге міндетті.